

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 2 тамыз N 1171

Алматы облысының аумағындағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен Алматы облысының әкіміне облыс аумағындағы төтенше жағдайлардың зардабын жоюға 30(отыз) миллион теңге, оның і ш і н д е :

Талғар өзенінің жағасындағы сел қаупі бар аймақтан 17 отбасын бірінші кезекте көшіруге - 7 (жеті) миллион теңге;

Талғар өзенінде жағалауды бекіту жұмыстарын жүргізуге және Кең дала селосындағы көпірді бекітуге - 1 (бір) миллион теңге;

Талдықорған қаласының маңындағы Қаратал өзенінде жағалауды бекіту жұмыстарын жүргізуге және көпірді қалпына келтіруге - 3 (үш) миллион теңге;

Іле өзенінде Тасмұрын каналы ауданында жағалауды бекіту жұмыстарын жүргізуге - 2 (екі) миллион теңге, оның ішінде Іле өзені арқылы өтетін көпірді бекітуге 1 (бір) миллион теңге;

Балатопар және Желтұрағы елді мекендерінде жағалауды бекіту жұмыстарын жүргізуге және тұрғын үйлерді қалпына келтіруге - 3 (үш) миллион теңге;

Шелек селосындағы су тасқынының зардабын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге және Ават селосындағы Бесағаш өзенінде жағалауды бекітуге - 7 (жеті) миллион теңге;

Қаскелең өзенінің жағалауларын бекіту жөніндегі жұмыстарды орындауға - 3 (үш) миллион теңге;

Үшарал қаласындағы Тентек өзенінде жағалауды бекіту жұмыстарын

жүргізуге және бөгет салуға - 1 (бір) миллион теңге;

мектептер мен ауруханалардың қираған шатырларын қалпына келтіруге - 3 (үш) миллион теңге бөлінсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.09. N 1370 қаулысымен.

Р 0 0 1 3 7 0 _

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1951
қаулысымен.

Р 0 0 1 9 5 1 _

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы облысының әкімі 2000 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне орындалған жұмыстардың көлемдері мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.